

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

**Тақырыбы: «Гимназистер күніне» арналған кеш сценаріі**ЖАРИЯЛАНДЫ  
17.11.2019СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/63199/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Байжанова Роза

/ қазақша күймен мереке басталады/

**I жүргізуші :**

Қайырлы күн, құрметті ұстаздар мен гимназия сынып білім алушылары!

Арма ағайын, мектеп оқушылары мен балауса балдырғандар!

**II жүргізуші:**

Добрый день, уважаемые учителя и ученики гимназических классов!

Здравствуйте, дорогие ученики и гости сегодняшнего мероприятия!

Good morning dear teachers and students of gymnasium! Welcome to our today's party.

**I жүргізуші:**

Шуақты қыркүйек айының алғашқы күні барша оқушы қауым алтын ұя

мектебіне қайта оралып, мектеп табалдырығын алғаш аттаған балдырғандармен бірге сыңғырлаған қоңырау үнімен табысса, ал қазан айының **23 жұлдызы** Баймырза Бесбаев атындағы мектеп-гимназияда **АЛҒАШ РЕТ «Гимназистер күні»** болып белгіленіп отыр.

## **II жүргізуші:**

Если в первый день светлого сентября ученики старших классов опять встретились в школе после долгих дней каникул и вместе с первоклассниками, которые первый раз ступили порог школы, снова слышали звон школьного колокольчика, то сегодня, 23 октября, мы вновь встречаемся вместе, чтобы отметить День гимназиста школы-гимназии имени Баймырзы Бесбаева, который отмечается первый раз за всю историю школы.

The first of September we had celebrated an Education Day in our school and today the 16<sup>th</sup> of October we are celebrating the Day of Gymnasium's Day in our Baimyrza Besbaev school-gymnasium

## **I жүргізуші:**

Ал ендеше барлығымыз да “ **Гимназистер күніне**” арналған мерекелік іс шарамызды ашық деп жариялаймыз.

Құрметті ұстаздар, аяулы оқушылар! Бүгінгі шаттыққа толы «Гимназистер күні» мерекелеріңіз баршаларыңызға құтты болсын!

## **II жүргізуші:**

Уважаемые учителя, милые ученики! Поздравляем вас с сегодняшним праздником, Днем гимназиста, полный радости и веселья!

Dear teachers and pupils! We congratulate you with this holiday!

**Барлығы:** «Қазақстан Республикасының мемлекеттік гимн орындайды.

**I жүргізуші:** Айсана! Сен гимназия сөзінің тарихына үңіліп көрдің бе?!

Енді гимназия тарихына шолу жасайық

**II жүргізуші:** Ия, гимназия сөзі бізге Ежелгі Афинадан келген екен.

Саясат, әдебиет, өнер және тағы да басқа пәндерден дәріс алған оқу-ағарту орнының оқушыларын «гимназистер» деп атаған екен.

**I жүргізуші:**

Ежелгі Грекияда «гимназия» дене жаттығуларына арналыпты. Кейінірек жастар орталығына айналған.

**II жүргізуші:**

Ал, Ресейдің Петербург қаласында -1726 жылы, Мәскеуде- 1755 жылы, Қазан қаласында — 1758жылы гимназиялар ұйымдастырылған.

**I жүргізуші:**

Жан шуағы, күн шуағы арай ма,

Ұстаз деген әулиедей талайға

Басын иіп өткен жоқ па біз түгіл,

Әл- Фараби, Омар Хаям, Абай да.

**II жүргізуші:**

Түлектерім тас қияға өрледі,

Шетелден де жүлдесіз боп келмеді.

Биіктерді бағындырсақ ұжым боп,  
Мектебімнің басшысының еңбегі

«Гимназистер күні» мерекесін салтанатты түрде ашу үшін алғашқы сөз кезегі мектеп директоры **Сыздыкова Гулнара Курманалыевнаға** беріледі.

Кезек 5 «А» сыныбына беріледі. Хор «Учат в школе».

## II жүргізуші:

Жаңа оқу жылы басталды.

Шаттықпен шалқып толғана

Ой толқытқан жүрегін

Өмірге алмақ жолдама

Биыл мектеп табалдырығын аттаған, өз білімдерін көрсете білген 1 сынып оқушыларын гимназия сыныбына қабылдаймыз.

### (1 сынып оқушылары сахнаға шығып, ант қабылдайды)

<b>Оқушы</b>	Біз - 1 «А» сынып оқушылары, гимназия сыныбына қабылдана отырып, мектеп қабырғасынан алған білімді одан әрі жетілдіруге
<b>Барлығы</b>	<b>АНТ ЕТЕМІЗ!</b>
<b>Оқушы</b>	Көбірек білім алуда берілген мүмкіндіктерді жіберіп алмауға
<b>Барлығы</b>	<b>АНТ ЕТЕМІЗ!</b>
<b>Оқушы</b>	Әрқашан адал болуға, әділ болуға және құрметтеуге
<b>Барлығы</b>	<b>АНТ ЕТЕМІЗ!</b>
<b>Оқушы</b>	Мектеп ережесін сақтауға және өз жетістіктерімізбен мектеп даңқын көтеруге
<b>Барлығы</b>	<b>АНТ ЕТЕМІЗ!</b>

<b>Оқушы</b>	Біліміміз бен қабілетімізді Тәуелсіз Қазақстанға арнауға
<b>Барлығы</b>	<b>АНТ ЕТЕМІЗ!</b>
<b>Оқушы</b>	Айналамызға зиян келтірмеуге және оларға қамқор болуға
<b>Барлығы</b>	<b>АНТ ЕТЕМІЗ!</b>
<b>Оқушы</b>	Табиғатты аялауға
<b>Барлығы</b>	<b>АНТ ЕТЕМІЗ!</b>
<b>Оқушы</b>	Жағдаяттардан қорықпауға және шешім қабылдауға
<b>Барлығы</b>	<b>АНТ ЕТЕМІЗ!</b>
<b>Оқушы</b>	Сәтсіздікте мойымауға
<b>Барлығы</b>	<b>АНТ ЕТЕМІЗ!</b>
<b>Оқушы</b>	Гимназист атағына лайықты болуға
<b>Барлығы</b>	<b>АНТ ЕТЕМІЗ!</b>

**I Жүргізуші:**

Міне, енді сендер гимназистсіңдер! Гимназист болу құрметті, жауапты міндет.

**II жүргізуші:**

Оқыған әпке, ағаңыз,

Қадірлі мектеп - бұл мектеп.

Сендердей біз де болғанбыз,

Есейдік, міне, қараңыз.

Құт болып алғаш қадамың,

Жағарсың білім шырағын.

Биылғы жыл ерекше,

Ұғарсың оның шын мәнін.

**Гимназия сыныптарының гимні**

**Орындаушылар:** Дүйсен Бекзат пен Ашимова Мадина

**Хор: Менің Отаным 7 «А» сынып оқушылары**

**I Жүргізуші:**

Өмірдің бейбіт бағы гүл,

Асудан асып асқарлы

Мінекей биыл тағы бір

Оқу жылы басталды

### **1 Жүргізуші:**

Мектебім мінеки, ақ ордам тым асқақ,

Ұстазым, достарым тұр әне қол бұлғап.

Жүріңдер, үңіліп мектептің сырына,

Шығайық біз бірге білімнің шыңына.

**Сөз кезегі мектептің Қамқоршылық Кеңесінің төрайымы Мадиярова Салима Нургалиевнаға беріледі**

**II-жүргізуші: Ендігі кезекте гимназия сыныптарының білім алушыларының өнерін тамашалайық!**

1.Бастауыш сыныптар:тақпақтар

2. 3 «Б» сыныбының орындауында өзбекше би

3.6 «Б» сыныбының орындауында ән «Тәуелсіз қазақтың қызымын»

4.8 «А» сыныбының орындауында би «Қазақ қызы»

### **I жүргізуші:**

Егемен елдің төсінде,

Шуағын шашсын арай ,күн

Азамат болып өсіңдер,

Қызыға жұрттар қарайтын.

## II Жүргізуші:

Біреулер енші алып өмірден,

Аттанбақ болса асып қыр

Біреулер балғын көңілмен

Алғашқы қадам басып тұр

## Баймырза Бесбаев мектеп-гимназиясының гимні

Жамбыл обл

Жамбыл ауданы

Баймырза Бесбаев атындағы мектеп- гимназия

Байжанова Роза Ануарбекқызы

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.